



+18

газета издается с 26.06.2004 года

# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 21/613

24 мая 2019 года

## Вестник

САЙЛАУ

СОБЫТИЕ

### 25 МАМЫРДАН БАСТАП САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІМЕН ТАНЫСУҒА БОЛАДЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 26-бабына сәйкес 2019 жылдың 25 мамырдан бастап тұрғылықты жерлерде құрылған Нұр-Сұлтан қаласының сайлау учаскелерінде танысуға арналған сайлаушылардың тізімдері ұсынылды.

«Нақты сайлау учаскесінде азаматтарды сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі негіз болып табылады», – деп мәлімдеді Нұр-Сұлтан қаласының сайлау комиссиясынан.

Азаматтарға тиісті учаскелік сайлау комиссиясының үй-жайында сайлаушылардың тізімдерімен танысуға, сонымен қатар, онда енгізілген мәліметтердің дұрыстығын тексеруге мүмкіндік беріледі.

«Әр азамат сайлаушылардың тізіміндегі өзі туралы мәліметті тексеруге және тізімге енгізілмегендігі, дұрыс енгізілмегендігі немесе тізімнен шығарылып тасталғандығы жөнінде шағымдануға, сондай-ақ сайлаушылар туралы мәліметтерде жіберілген дәлсіздіктерді тексеруге құқылы», – делінген сайлау комиссиясының хабарламасында.

Тізімге енгізу туралы, одан шығарып тастау немесе тізімге түзетулер енгізу қажеттігі туралы арыздарды учаскелік сайлау комиссиясы арыз келіп түскен күні қарайды. Арызданушы үшін оң шешімнен кейін сайлаушылар тізіміне түзету немесе енгізілмей қалған сайлаушыны тізімге енгізу шұғыл түрде сайлау комиссиясымен жүргізіледі.

Арыз мақұлданбаған жағдайда, сайлау комиссиясы арызданушыға оның арызы мақұлданбағандығы туралы дәлелді шешімнің көшірмесін кешіктірмей береді. Шешім сотта қаралуы мүмкін.

Сайлаушы тұратын орнын ауыстырған жағдайда, сайлаушы учаскелік сайлау комиссиясынан дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктерін алады. Есептен шығару куәлігі жазбаша өтініш пен жеке куәліктің ұсынылуы негізінде 2019 жылғы 25 мамыр – 8 маусым аралығында сағат 18:00-ге дейін беріледі.

**Учаскелік сайлау комиссиялары күнделікті сағат 9:00-ден 20:00-ге дейін үзіліссіз жұмыс істейді.**

дереккөз: [www.egemen.kz](http://www.egemen.kz)

### КАЗАХСТАН - ВАЖНЫЙ ПЕРИОД РАЗВИТИЯ

**В Алматы начал свою работу XVI Евразийский медиа форум. Основная тема форума: "Мир сегодня: трансформация реальности", передает Inform.kz.**

«Уважаемые участники форума, от всей души приветствую очередной медиа форум. Более полутора десятка лет назад возникла данная площадка, на которой журналистское сообщество обменивается мнениями по широкому кругу наиболее актуальных тем... Из года в год на медиа-форуме обсуждаются самые острые, злободневные проблемы в международной и региональной повестке дня», – зачитал приветственное слово от имени Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева министр информации и общественного развития РК Даурен Абаев.

В своем приветствии Президент отметил, что в работе форума принимают участие более 7,5 тыс. представителей медиаобщества, в том числе 700 экспертов из 60 стран мира.

"Казахстан вступил в важный период своего развития. 9 июня пройдут досрочные президентские выборы. Это событие уже привлекло повышенное внимание международного сообщества. Как действующий

Президент Казахстана я привержен к проведению честных, справедливых и демократических выборов, поэтому приветствую участие представительной делегации международных наблюдателей и средств массовой информации", – говорится в приветственном слове Главы государства.

Кроме того, Президент отметил, что мировое сообщество выражает обеспокоенность вопросами защиты людей от несанкционированной утечки информации, активно обсуждаются проблемы вмешательства с использованием цифровых технологий в выборы и политические процессы.

"Социальные институты обеспокоены деструктивным влиянием интернета и социальных сетей, в том числе на подрастающее поколение. Люди нуждаются в формировании иммунитета к новым явлениям и угрозам. Все эти и другие проблемы должны серьезно изучаться в медиаобществе с целью получения исчерпывающих ответов. Желаю вам плодотворной работы и достижения всех поставленных целей", – говорится в приветственном слове.

Источник: [www.inform.kz](http://www.inform.kz)

## ҮГІТ - НАСИХАТ НАУҚАНЫ

Қазақстан Республикасының Президентігіне үміткер тұлғаларды насихаттау науқаны басталып, үміткерлердің бағдарламаларымен, алға қойған мақсаттарымен сайлаушыларды таныстыру жұмыстары жалғасуда. Осындай үгіт-насихат науқаны жуықта біздің Приозерск қаласында да болып өтті.



Ел Президентіне сайлануға үміткер болған және бүгінгі Президент қызметін атқарып жүрген Касым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қарағанды облысы бойынша штабының мүшелері Айман Бекболатқызы Түкбаева мен Аларин Александр Олегович «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығында қала тұрғындары және сайлаушылармен кездесу өткізді. Кездесуден бұрын ғимрат сыртына тігілген шағын шатырда «Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу.» тақырыбы аясында акция ұйымдастырылды. Онда кездесуге қатысуға келген сайлаушылар Президенттікке үміткер Қ.К.Тоқаевтың бейнесі мен сайлауалды бағдарламасы көрсетілген парақшаға өздерінің болашақ Президентке арнаған ұсыныс, талап, өтініштерімен қатар тілектерін де жазып, арнайы жәшікке салды.

Кездесуді ҚР Президентігіне үміткердің Приозерск қаласында орналасқан штабы ұйымдастырды. Үміткердің сайлауалды бағдарламасымен танысып, ол туралы толыққанды мағлұмат алуға келген сайлаушылардың басым көпшілігін қаламыздың жастар өкілдері құрады. Кездесуді Приозерск қала-

лық штабының төрағасы Ұлан Алмасұлы Алмас ашып, алғашқы сөзді Қарағанды облысы бойынша штабының мүшесі Айман Бекболатқызы Түкбаеваға берді. Сөзге шыққан Айман Бекболатқызы сайлауалды науқанға еліміздің болашағы болған есептелетін жастардың белсенді қатысуына өз ризашылығын білдіріп, президенттіктен үміткер Касым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың өмірбаянымен, үміткердің сайлауалды бағдарламасымен таныстырды және оның «Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу.» тұғырнамасына бөлек-бөлек тоқталды. Атап айтқанда, Қ.К.Тоқаевтың қарапайым отбасынан шыққандығын, оның әкесінің Ұлы Отан соғысы ардагері әрі танымал жазушы екендігін, үміткердің халықаралық қатынастар білім ордасын кеңестік кезеңде бітіріп, елшілік қызметке ерте араласқанын, осылайшы өзінің

мықты саясаткер ретінде әлемге танылғанын,

бес бірдей ең қажетті әлем тілдерін жетік білетіндігін, қызмет жылдары ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметін басқарғанын және Елбасы, тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әріптесі, досы, сенім артатын өкілі екендігін тілге тиек етті. Сондай-ақ баяндамашы Приозерск қаласындағы даму барысындағы атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарды да атап өтті. Жолдардың жөнделіп, көше бойлары мен алаңдарда, ғимараттар маңына жарық шамдарының орнатылғанын, тұрғын үйлер мен ғимараттардың көбейгенін атап өтті және қала тұрғындары мен қала басшыларының өрлеу бағытында жасап жатқан елеулі істеріне ризашылығын білдірді. «Нұр Отан» партиясынан ұсынылған үміткердің ел Президенті болып сайланғаннан кейінгі алда тұрған міндеттері мен атқаруды мақсат тұтқан мәселелерін түсінікті етіп жеткізді.

Одан кейін сөзге шыққан сайлануға үміт-



кердің сенімді өкілі, облыстық мәслихаттың депутаты Аларин Александр Олегович кіші кәсіпкерлік пен орта және шағын бизнесті дамыту мәселесін әңгімеледі. Сайлаушылар алдында сөйлеген қос шешен де кездесуге қатысқан сайлаушыларды алдағы маусым айының 9-жұлдызында елімізде өтетін кезектен тыс Президенттік сайлау науқанында өздерінің болашағы, еліміздің өрлеуі, мемлекетіміздің тұрақтылығы үшін сайлауға



белсене қатысуға шақырды және дұрыс таңдалау жасап, дауыс берулерін өтінді.

Кездесуге қалалық мәслихаттың хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков қатысты.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.  
Суретте: үгіт-насихат кездесуінде.



## ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

\*\*\*

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

### СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖҰМЫЛА КҮРЕСУ КЕРЕК

Сыбайлас жемқорлық құрылысы соңғы кезде көптеген өзгеріске ұшырап және елде бүгін күрделі көп жақты құбылыс ретінде көрінеді. Бұл құбылысты лауазым иесінің, сонымен қатар лауазым иесі болып табылмайтын мемлекеттік қызметкердің өз қызмет өкілеттігін пайдакүнемдік немесе басқа да жеке мүддесіне пайдаланып азаматтардың немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеліп соғатын әрекеттер деп анықтауға болады.

Пара алған лауазым иесі ғана емес, пара берген қарапайым адам да заң бойынша жауапкершілікке тартылады. Сыбайлас жемқорлық тамырына балта шабар кез келді. Олай дейтініміз қазіргі таңда елімізде жүргізіліп жатқан саясаттың, енгізіліп жатқан реформаның барлығы дерлік осы жемқорлықтың қайнар көзін жоюға бағытталған. Қазақстан ТМД елдерінің ең біріншісі болып «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы туралы» заңын қабылдады.

Елбасы өзінің жыл сайынғы халыққа арналған жолдауында қоғам дертіне айналып бара жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, тәртіпті нығайту бағытына ерекше тоқталып өткені бәрімізге анық. Сондықтан қауіпті кеселдің алдын алуға жұртшылық болып жұмылуымыз керек.

Жалпы бұл дерт қоғам өмірінің барлық сапасын жайлап бара жатқаны жасырын емес. Қоғам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылатын медицина, білім беру сапаларына дейін сыбайлас жемқорлық тамырының

таралуы көңіліне кірбің ұялатады. Білім беру орнындағы бүгінгі оқушы ертенгі маман. Олай болса, неліктен біз өз болашағымыздың күнгірттенуіне жол беруіміз керек? Ұсталымдығы мол қазақ қашанда мұндай кездерде «Ақырын берсін»- деуші еді. Бұл жағдайда да ақырын берсін деп қарап отыру дұрыс болар ма екен?

Біздің Приозерск қалалық сотының судьялар мен сот қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге бағытталған әр жыл сайын іс шаралар өтіп арнайы жоспарлар жасаланып отырады. Осы жоспарларды орындау мақсатында тараптармен және іске қатысушы жақтармен процессуалдық емес қарым қатынастан аулақ болу үшін қалалық сот ғимаратының бірінші қабатында судьялардың және сот қызметкерлерінің заңсыз іс әрекеттеріне байланысты шағымдарға арналған арнайы жәшік орнатылған және сенім телефоны жұмыс жасайды.

«Жұмыла көрген жүк жеңіл», - демекші, қоғам болып бұл дертпен күрес жүргізуде әрбір адам күресуді өзінен бастап, оған деген немісқарайлы көз қарасын жоюы қажет. Жалпы, жемқорлықпен күрес мемлекеттік маңызы бар түйткіл мәселеге айналып отыр. Сондықтан бүгінгі таңда оны барша халық болып түгел осы кесаптың жолын кесуге жұмылса, сонда ғана белгілі бір нәтижеге қол жетуге болады деп ойлаймын.

Эльмира Жақупова,  
Приозерск қалалық сотының жетекшісі

### ОКАЗАНИЕ СОЦПОМОЩИ В СВЯЗИ С НАСТУПЛЕНИЕМ ТРУДНОЙ ЖИЗНЕННОЙ СИТУАЦИИ

(о работе комиссии по состоянию на 20 мая 2019 года)

Специальной комиссии по рассмотрению заявления лица (семьи), претендующего на оказание социальной помощи в связи с наступлением трудной жизненной ситуации (далее - Специальная комиссия) рассмотрено 80 заявлений поступивших от отдельных категорий нуждающихся граждан из числа одиноких и одиноко проживающих нетрудоспособных пенсионеров, граждан, имеющих социально-значимые заболевания (лица с онкологическими заболеваниями, больные различной формой туберкулеза), родителей воспитывающих детей инвалидов, тружеников тыла, инвалидов 1,2,3 группы, лиц, вышедших из мест лишения свободы и других категорий.

Специальной комиссией за отчетный период проведено 12 заседаний, вынесено 80 положительных заключений о необходимости оказания социальной помощи нуждающимся лицам, попавшим в трудную жизненную ситуацию, нарушающая их жизнедеятельность, которую они не могут преодолеть самостоятельно.

Так же рассмотрены вопросы оказания материальной помощи к следующим праздничным датам. В честь празднования:

-Международного Женского Дня 8 Марта оказана материальная помощь 166 многодетным семьям в размере 5000 тенге;  
-Наурыз-Мейрамы оказана материальная помощь 57 онкологическим больным и больным туберкулезом в размере 5000 тенге;

-Дня Победы в ВОВ оказана материальная помощь ветеранам войны в Афганистане и лицам принимавшим участие в ликвидации последствий катастрофы на Черно-быльской АЭС 8 чел. в размере 100 000 тенге, труженикам тыла и жене, умершего ИВОВ 18 чел. в размере 20 000 тенге.

Всего на вышеуказанные виды помощи оказана из средств местного бюджета - 308 лицам на сумму 4 954,7 тыс.тенге.

«Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»

### КӨКӨНІС ЖӘНЕ БАҚША ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ АУРУЛАРЫ

Өсімдік ауруы – өте күрделі динамикалық құбылыс. Өсімдіктер аурулары, туындау себептеріне байланысты жұқпалы (түрлі бактерия, вирус, саңырауқұлақ және т.б. тудыратын) және жұқпайтын (қоректену тәртібінің бұзылуынан, ыстық-суықтан, өнеркәсіп қалдықтарының әсерінен, т.б.). Саңырауқұлақтар, бактериялар және вирус-тар қоздыратын аурулар:

- бактериоз (гниль)
- гиперплазиялар (рак)
- солдырма (мучлг)
- ақұнтақ (вишневая роса)
- тат (ржавчина)
- антракноз
- қотыр (парша)
- дақтылық (пятнистость)
- фитофтороз
- жарық (кила) және т.б.

Осылардың ішінде, көкөніс пен бақша дақылдарын өсіру кезінде жиі кездесетіндерге тоқталып өтейік.

**Бактериоз** – өсімдіктің бактериялар қоздыратын жұқпалы ауруы. Бактериоз өсімдік тамырын (тамыр шірігі), паренхима ұлпаларын (шірік, дақ, күйік түрінде) және сабақ түтікшелерін (түтікше аурулары) зақымдайды. Кейде өсімдік рактарын, ісіктерін тудырады. Бактериоз қоздырғыштары тұқыммен, ауру өсімдіктің қалдықтарымен, жаңбыр тамшыларымен, жәндіктермен, т.б. тарайды.

**Фитофтороз** – Phytophthora туысына жататын саңырауқұлақтар қоздыратын өсімдік ауруы. Бұл ауру көбінесе картопты, қызанақты, алманы зақымдайды. Зақымдалған өсімдіктің жапырақтарының жоғарғы ұшы мен жидектерінде қоңырқай келген үлкен дөңгелек дақтар, ал дақылдың сабағында ұзынша қоңыр дақтар немесе сызықшалар пайда болады, соңында қурап қалады.

**Қотыр** – бактериялар, актиномицеттер мен патогенді саңырауқұлақтар қоздыра-

### СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Демократиялық институттар мен құндылықтар сыбайлас жемқорлықтың көріністерімен, сондай-ақ одан туындайтын қоғамның тұрақты және қауіпсіз дамуына қатер төндіретін түйткілді мәселелермен сыйыспайтыны анық. Тісінше Қазақстанда іске асырылып жатқан демократиялық қайта құрулар сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне қарсы күресте жүйелі жұмыс істеуі мүмкін емес.

Жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсездің бек көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет. Бұл – індет адамзат баласына жат қасиет. Кеңестік дәуірден бастау алған, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты, бармақ басты әдеті әлі болса қылаң беріп ке-

леді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз.

Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын талан-тараж етіп, ысырап қылу, жер телімін заңсыз беру, дүние-мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни мемлекеттен жасырып қалу сияқты мемлекет қалтасына қауіп төндіретін жат қылықтар әлі де баршылық.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлықтың тамыры тереңде жатқан қауіпті әлеуметтік құбылыс.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Мұндай заңбұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға да тартылады. Оларға біздің қоғамда да, арамдызда да орын жоқ екенін түсінгені абзал.

У. Касымова  
«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің, заң кеңесшісі

### РАЗРЕШЕНИЕ СПОРОВ ПУТЕМ МЕДИАЦИИ

Медиация - это способ реагирования на разногласия, на конфликт.

Медиация позволяет урегулировать спор таким образом, чтобы не было проигравшей стороны. Термин «медиация» происходит от латинского слова «mediare», что означает посредничать. Медиация — это новая форма альтернативного урегулирования споров с участием третьей, нейтральной, беспристрастной, не заинтересованной в конфликте стороны. В качестве этой стороны выступает медиатор, который помогает участникам спора или судебного разбирательства выработать определенное соглашение, при этом стороны полностью контролируют процесс принятия решения по урегулированию спора и условия его разрешения. При медиации стороны непременно рассчитывают на равные права, а также на них возлагаются равные обязанности.

Положениями ГПК закреплено, что для проведения медиации в суде первой инстанции дело передается другому судье. По ходатайству сторон медиация может быть проведена судьей, в производстве которого находится дело.

Судья, который проводит медиацию, назначает день проведения медиации и извещает стороны о времени и месте ее проведения. Медиация в суде проводится в соответствии с Законом Республики Казахстан «О медиации» и с особенностями, установленными настоящим Кодексом.

В случае, если соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации заключено на стадии исполнения судебного акта, оно представляется на утверждение в суд

первой инстанции по месту исполнения судебного акта или в суд, принявший указанный судебный акт.

Таким образом, главное к чему стремятся примирительные процедуры - это достижение взаимовыгодного и мирного соглашения, удовлетворяющего обе стороны и снижающего уровень конфликтности.

Особую актуальность судебная медиация приобретает в условиях кризиса. Если судятся, к примеру, истец и ответчик, каждый получает свои преимущества. Истец имеет возможность в случае не исполнения ответчиком данного соглашения добровольно, обратиться в суд с ходатайством о выдачи исполнительного листа, для принудительного исполнения. В соответствии с пп.1-3) п.1 ст. 548 Налогового кодекса Республики Казахстан судебные расходы по уплате государственной пошлины подлежат возврату истцу.

Тем самым, заключение медиативного соглашения и утверждение его судом несет в себе последствия как материального и процессуального характера. Судья назначается, а медиатора - выбирают.

Судья принимает решение в строгом соответствии с законом, а медиатор - с учетом интересов сторон, но в рамках закона.

Таким образом, за первый квартал 2019 года в Приозерском городском суде с применением Закона «О Медиации» рассмотрено 30-гражданских дел, 5-уголовных дел, 10- административных материалов прекращены в связи с примирением сторон.

Байдрахман С.Б.,  
главный специалист канцелярии  
Приозерского городского суда

рауқұлақтық ауру. Жаздың басында жапырақтарды, өсімдіктердің жерүсті бөліктерінде ақ ұнтаққа ұқсайтын мицелийлер пайда болып, дамиды. Зақымдалған өсімдіктің жапырағының бетінде мицелийдің өңездері (налет), піскеннен кейін оның бетінде тамшылар пайда болады.

Аурулар көп, бірақ оларды болдырмау жолдары бірдей: тұқымды, көшеттерді, калемшелерді бактерицидтермен, антибиотиктермен дезинфекциялау; жылыжайды, көшетхананы, топырақты залалсыздандыру; ауруға төзімді сорттарды таңдау; ауру өсімдіктерді жойып, қоректендіру және суғару тәртібін сақтау және фосфорлы-калийлі тыңайтқыштарды қолдану керек.

З.Қусаинова  
«ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясы» ММ-нің, бас маманы – өсімдіктерді қорғау жөніндегі мем.инспекторының м.а.



ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

\*\*\*

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

ЕКПЕ НЕ ҮШІН ҚАЗЕТ?

Жаңа туған баланың иммунитетінде кейбір аурулар болады. Бұл ананың плаценті арқылы балаға жуғады және ауруға қарсы тұратын антидененің әсері б.т. Емшектегі сәби, сүт арқылы қосымша антиденелерді алып тұрады. Бірақ мұндай иммунитет түрі уақытша ғана әсер беріп отырады.

Вакцинация (екпе, иммунизация) – кейбір ауруларға қарсы жасанды иммунитет құру. Ауруларды қоздыру үшін зиянсыз (ақуыз молекулалар) антигендер қолданылады және олар микроағзалардың бір бөлшегі болып табылады. Микроағзаларқызылша немесе бактериялар түріндегі вирустар болуы мүмкін. Вакцинация - екпелер қолжетімсіз болған кезде, балаларды күрделі және жұқпалы аурулардан сақтау кепілі болып табылады. Әрбір препараттың кері әсері де болады, оның ішінде вакциналар да бар. Вакцинаның кері әсері, жұқпалы аурулардың кері әсеріне қарағанда, әлдеқайда зор екені айқын.

Қарсы көрсетімдер абсолюттік (үнемі) және салыстырмалы (уақытша) б.т. Абсолюттік қарсы көрсетімдер өмірге асақайып-қатер төніп тұрса, вакцина егуіне абсолюттік қарсы көрсетімдеріне- температураның С-ғы 40 градустан асып тұрғанда және ісік немесе екпе салынған жердің 8 см төңірек мөлшерінде қызаруы, ауыр реакциясы деп саналады.

Өткендегі вакцинаның сол мөлшерде тағы егуінің асқинуы. Вакцинаны егу асқинуы - анафилактиялық соққы реакциясы, коллапс (қысымның күрт төмендеуі), энцефалит, қалыпты температурадағы сіңір тартуы сияқты жәйттер кіреді.

Иммундік тапшылық күйлер. Иммундік тапшылық күйі - алғашқы (тұқымқуалау) және салдарлық (аурудың салдарынан, мысалы, ЖТҚА, белгілі бір дәріні қабылдау, радиоактивті сәулелену т.б.). Балаларға-БЦЖ, ОПВ, АҚДС, қызылшалық, қызамықтық, паротиттік (свинкаға қарсы) тірі вакциналар тыйымсалынған. Инактив-

циялау (өлі) вакциналарды егуді қолдануға тыйым салынбаған, бірақ жоспарланған оңтайлы нәтижеге (иммунитетті қалыптастыруға) қол жеткізе алмайсыз.

Салыстырмалы қарсы көрсетімдер Екпе салғандағы иммунитетті қолдау қауқарсыздығы немесе қауіп төнгенде, уақытша күйлер деп атайды. Неғұрлым көп жағдайда,



салыстырмалы екпеге қарсы көрсетімдер қатарына - жоғары температурамен ерекшеленетін, қатерлі іреспираторлық вирусты қауру (ОРВИ) кіреді. Мұндай жағдайда, екпені, сауықтырғанша 1-4 аптаға дейін шегеріледі.

Бала ауырыңқыраса (температурасыз мұрын бітелсе), сіресе, тұмау ауруымен немесе аллергиялық мұрын бітелуімен жиі ауырса, аталған жәйттер, жоспарлы екпе салуына қарсы көрсетім бола алмайды. Егер бала созылмалы ауруымен (сусапыр, бүйректің созылмалы аурулары) ауырса, вакциналау, тек маманмен кеңесіп алғаннан кейін ғана өткізіледі.

Егер балаға қан немесе иммундік глобулиндер құйылса, онда жоспарлы егулер 3 айға шегеріледі.

Егер салмақты жақсы жинаса, шала туған балаға барлық вакциналарды егеді. Вакцина-лаудың барлық қарсы көрсетімдер мәселесі, дәрігермен шешіледі.

Зәрубеков Төрехан Саулаханұлы, КМК «Приозерск қаласының орталық ауруханасы», салауатты өмір салты дәрігері

О СОСТОЯНИИ РОЖДАЕМОСТИ В ГОРОДЕ ПРИОЗЁРСК (ЗА 4 МЕСЯЦА 2019 ГОДА)

Проведенный по городу Приозёрск анализ состояния рождаемости свидетельствует об утвердившейся положительной динамике. Так, количество родов за 4 месяца 2019г составило - 92, а за 4 месяца 2019г – 90. Что же влияет на увеличение рождаемости и её качество.

Факторы, влияющие на рождаемость

Репродуктивное здоровье женщины – это неотъемлемая составляющая общего здоровья организма, которое подразумевает под собой отсутствие заболеваний репродуктивной системы, способность к воспроизведению потомства, а также возможность жить половой жизнью и получать от нее удовлетворение. Женское репродуктивное здоровье зависит от многих факторов: наследственности, образа жизни, профессиональных вредностей, заболеваний других органов и систем.

Рассмотрим ниже основные критерии репродуктивного здоровья и факторы, которые на него влияют.

Факторы, влияющие на репродуктивное здоровье

Основными критериями репродуктивного здоровья является показатель рождаемости, а также материнской и детской смертности. В г. Приозёрск в 2018 году показатель рождаемости составил 311 новорождённых, по сравнению с 2017 годом – 306 новорождённых, что говорит о значительном росте рождаемости.

Репродуктивному здоровью женщины уделяется особое внимание, так она рождается с набором зачатков яйцеклеток, которые постепенно будут созревать. Они очень чувствительны к воздействию вредных факторов, под влиянием которых в яйцеклетках могут проходить мутации.

Факторы, разрушающие репродуктивное здоровье женщины включают в себя:

- вредные привычки (курение, наркомания, злоупотребление алкоголем);
-заболевания, передающиеся половым путем (ВИЧ, хламидии, гонорея, сифилис);
-экологические факторы (загрязнение атмосферы, воды, почвы);

- беспорядочное половое поведение;
-аборты, которые влияют на психологическое и репродуктивное здоровье.

Нарушение репродуктивной функции у женщин

Репродуктивный период женщины – это отрезок жизни, в течении которого женщина способна зачать, выносить и родить ребенка. Он характеризуется ежемесячным созреванием яйцеклетки, при отсутствии оплодотворения которой наступает менструация. Проблемы репродуктивного здоровья женщин обусловлены ростом количества гинекологических заболеваний, которые приводят к бесплодию, либо к невынашиванию беременности (самопроизвольный аборт, неразвивающаяся беременность).

Условия сохранения репродуктивного здоровья

Что нужно сделать, чтобы будущее поколение рождалось здоровым и способным родить таких же здоровых детей? Если внимательно изучить рекомендации, то в них нет ничего невыполнимого:

- самое первое, что должен знать любой подросток, вступающий в половую жизнь, что предохранение от нежелательной беременности должно стоять на первом месте
-заниматься активно профилактикой и лечением всех заболеваний половой сферы
-современные контрацептивы позволяют не допустить нежелательной беременности, необходимо ими пользоваться
-адекватное лечение всех инфекций, передаваемых половым путем
-любую беременность нужно планировать
-вести здоровый образ жизни!
-неукоснительно соблюдать правила личной гигиены
-укреплять свой иммунитет
-стараться правильно питаться и не употреблять продукты, которые вредят здоровью.

Саурбаева А.М. Заместитель директора по ОмЦД, врач акушер-гинеколог

О ВАКЦИНАЦИИ БЦЖ

Иммунопрофилактика туберкулеза (вакцинация БЦЖ).

В первые годы применения вакцина использовалась для создания искусственного иммунитета у новорожденных детей путем введения ее со сцеженным молоком матери. В дальнейшем был разработан и внедрен накожный способ вакцинации. В настоящее время вакцина вводится внутривожно (в/к) в предплечье в родильном доме. Повторная вакцинация (ревакцинация) осуществляется в возраст 6 лет.

Специфическую профилактику туберкулеза можно проводить только зарегистрированными в РК препаратами — вакциной туберкулезной (БЦЖ) сухой для внутривожного введения и вакциной туберкулезной (БЦЖ-М) сухой (для щадящей первичной иммунизации). В субъектах Республики Казахстан с удовлетворительной эпидемической ситуацией по туберкулезу возможно проведение одной ревакцинации БЦЖ. Увеличение или уменьшения интервала между прививками БЦЖ в субъекте согласовывается с Минздравом РК.

Прививку проводит специально обученная медицинская сестра.

В медицинской карте врачом в день вакцинации (ревакцинации) должна быть сделана подробная запись с указанием результатов термометрии, развернутым дневником, назначением введения вакцины БЦЖ (БЦЖ-М) с указанием метода введения (в/к), дозы вакцины (0,05 или 0,025), серии, номера, срока годности и изготовителя вакцины. Паспортные данные препарата должны быть лично прочитаны врачом на упаковке и на ампуле с вакциной (обычно, если ее делают в роддоме, в выписном эпикризе написаны все данные о проведенной прививке, можете посмотреть).

Перед вакцинацией (ревакцинацией) врач и медицинская сестра должны обязательно ознакомиться с инструкцией по применению вакцины, а также предварительно информировать родителей ребенка (подростка) об иммунизации и местной реакции на прививку. И вы обязательно подписываете информированное согласие на выполнение БЦЖ.

Проведение прививок на дому разрешают в исключительных случаях решением комиссии, о чем должна быть запись в медицинской карте, и проводят в присутствии врача.

Проведение вакцинации новорожденных в родильном доме (отделении патологии) допускается в детской палате в присутствии врача. В этих случаях формирование укладки для вакцинации производят в специальной комнате.

Все необходимые для проведения вакцинации (ревакцинации) БЦЖ предметы (столы, биксы, лотки, шкафы и т. д.) должны быть маркированы. Вакцинацию в родильном доме проводят в утренние часы.

В связи с ранней выпиской из акушерских стационаров, при отсутствии противопоказаний, вакцинация новорожденных против туберкулеза может проводиться с третьих суток жизни; выписка возможна через час после вакцинации при отсутствии реакции на нее.

Наблюдение за вакцинированными и ревакцинированными детьми, подростками и взрослыми проводят врачи и медицинские сестры общей лечебной сети. После вакцинации или ревакцинации они должны проверить прививочную реакцию с регистрацией размера и характера местной реакции (папула, пустула с образованием корочки, с отделяемым или без него, рубчик, пигментация и т. д.).

Эти сведения должны быть зарегистрированы:

- у посещающих детские учреждения детей и подростков в учетных формах № 063/у (карта ребенка в поликлинике) и № 026/у (карта ребенка в саду или школе);

- у неорганизованных детей — в учетной форме № 063/у и в истории развития ребенка (форма № 112).

Прививки против туберкулеза должны проводиться строго согласно инструкциям к Применению вакцин БЦЖ.

Для вакцинации новорожденных внутривожным методом в детской комнате родильного дома (отделения) необходимо иметь:

- Холодильник для хранения вакцины БЦЖ и БЦЖ-М при температуре не выше +8° С.
- Шприцы 2–5-ти граммовые одноразового применения для разведения вакцины — 2–3 шт.
- Шприцы одноразовые туберкулиновые с хорошо пригнанным поршнем и тонкой короткой иглой с коротким косым срезом — не менее 10–15 шт. на один день работы.

При проведении вакцинации детей, которые не были вакцинированы в период новорожденности, в поликлинике необходимо дополнительно иметь инструментарий для проверки туберкулиновой пробы Манту.

На какой день предпочтительно привить новорожденного?

Оптимальны прививки у детей в возрасте 1-4 дней, как это предписывает новый Национальный Календарь прививок РК.

Зарубков Т.С., КГП «ЦБ г. Приозерск», врач ЗОЖ

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" АҚ Қарағанды филиалы Жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік «Еңбек» бағдарламасы бойынша құжаттарды қабылдау басталғаны туралы хабарлайды, сондай-ақ «Ырыс» және «Сыбаға» бағдарламалары бойынша өтініштерге қабылдау жүргізілуде.



ОБЪЯВЛЕНИЕ



Карагандинский филиал АО «Фонд финансовый поддержки сельского хозяйства» настоящим сообщает о начале приема документов по Программе развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017 – 2021 годы "Егембек", а так же продолжается прием заявок по программам «Ырыс» и «Сыбаға».

ОБЪЯВЛЕНИЕ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЕ НЕДВИЖИМОСТЬ

Продаю ДОМ – 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда, ( город пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м². Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот. Сарай, гараж, хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35



## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ



## ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ



**«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16**

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

**Телефон доверия ГУ «Аппарат Приозерского городского маслихата» 5-49-16**

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных \*\*\*

**«Приозерск қаласы әкім аппараты» ММ сенім телефоны 5-41-53**

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ «Аппарат Акіма города Приозерск» 5-41-53**

График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов

Заместитель Акіма (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов. \*\*\*

**«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45**

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45**

График приема граждан руководителем отдела - Еженедельно понедельник-четверг с 16.00 до 18.00 часов. \*\*\*

**«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82**

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82**

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела - по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов \*\*\*

**«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сенім телефоны 5-28-57**

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» 5-28-57**

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. \*\*\*

**«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ**

**сенім телефоны: 5-32-48**

**Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48**

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.**

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов \*\*\*

**«Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-92**

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел образования города Приозерск» 5-32-92**

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов \*\*\*

**«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99**

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99**

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов \*\*\*

**«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.**

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - дүйсенбі - жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.**

График приема граждан руководителем отдела - понедельник - пятница с 16.00 до 18.00 часов \*\*\*

**«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ - нің сенім телефоны 5-29-62.**

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.**

Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час. \*\*\*

**«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87**

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

**Телефон доверия ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» 5-32-19, 5-24-87**

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

**Азаматтар білуі керек**

## СТАЦИОНАРҒА ЖАТҚЫЗУ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ

- Ауруханаға жатқызу қандай болады? - жоспарлы емдеуге жатқызу алдында не істеу керек? - ауруханаға жатудан қандай жағдайларда бас тарта алады?

- Егер сіз жоспарлы емдеуге жатқыздан бас тартсаңыз, кімге шағымдана аласыз?

Стационардағы емдеу ережелері бойынша осы және басқа да көптеген мәселелер біздің азаматтарымызды үнемі мазалайды.

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы стационарға жатқызу рәсімі туралы түсіндіреді:

"Стационарға жатқызудың екі түрі бар: жоспарлы және шұғыл.

Стационарға жоспарлы емдеуге жатқызу созылмалы ауруларды және өмірге қауіпті емес жағдайларды емдеу үшін емхананың емдеуші дәрігерінің жолдамасы бойынша тегін жүргізіледі.

Стационарға шұғыл жатқызу пациенттің өміріне қауіп төндіретін шұғыл жағдайларда жүргізіледі. Стационардағы пациенттерді шұғыл емдеу әрдайым тегін жүргізілетінін білу маңызды!

**Жоспарлы емдеуге жатқызу үшін не істеу керек?**

Стационарда жоспарлы түрде ем алу үшін пациент өзінің емханасына барып, отбасылық дәрігерге жүгінуі керек. Тексеруден кейін дәрігер ауруханаға жатқызу

қажеттілігін растау үшін тексеру тағайындайды. Тексеруден өткеннен кейін дәрігер жолдаманы ресімдейді. Сіз дәрігеріңізбен бірге медициналық ұйымды таңдай аласыз. Содан кейін емдеуге жатқызуға өтінім толтырылады және сіздің деректеріңіз "емдеуге жатқызу бюросы" порталында тіркеледі. Көп жағдайда емдеуге жатқызу күні автоматты түрде анықталады.

**Қандай жағдайларда Сізге ауруханаға жатқыздан бас тарту мүмкін?**

Емдеуге жатқызғанға дейін пациент емханада барлық қажетті тексеруден өтпегенде - бұл жағдайда пациент қосымша тексеруден өтуі қажет. Егер пациент кешігетінін алдын ала ескертпесе, стационарда пациентті бір тәулік ішінде күте алады. Бір тәуліктен кейін ауруханаға жатқызу туралы өтініш күшін жояды.

Пациентте жоспарлы түрде ауруханаға жатқызуға қарсы көрсетімдері бар кезде. Мысалы, өткір респираторлық вирустық инфекция, тұмау және т.б.

Пациентке стационарлық көмек көрсету қажеттігін растайтын көрсеткіштер болмаған жағдайда. Егер Сіз бұл шешіммен келіспесеңіз, әлеуметтік медициналық сақтандыру Қорына жүгініңіз.

**Ж.Ракишева,**

**КЕАҚ «Әлеуметтік медициналық сақтандыру Қоры» Қарағанды облысы бойынша филиалының халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау бөлімінің бас сарапшысы**

**Гражданама на заметку**

## ВАЖНОЕ О ГОСПИТАЛИЗАЦИИ В СТАЦИОНАР

- Какая бывает госпитализация? - что нужно сделать перед плановой госпитализацией? - в каких случаях могут отказать в госпитализации? - кому жаловаться, если вам отказали в плановой госпитализации?

Эти и многие другие вопросы по правилам лечения в стационаре постоянно волнуют наших граждан.

Филиал по Карагандинской области НАО «Фонд социального медицинского страхования» разъясняет процедуру госпитализации в стационар:

«Есть два вида госпитализации в стационар: плановая и экстренная.

Плановая госпитализация в стационар проводится бесплатно по направлению лечащего врача поликлиники для лечения хронических заболеваний и неопасных для жизни состояниях.

Экстренная госпитализация в стационар проводится при неотложных ситуациях, угрожающих для жизни пациента. Важно знать, что экстренное лечение пациентов в стационаре проводится бесплатно всегда!

**Что нужно сделать для плановой госпитализации?**

Для того, чтобы получить лечение в стационаре в плановом порядке, пациенту нужно обратиться в свою поликлинику и обратиться к семейному врачу. После осмотра врач назначает обследование для подтверждения необходимости госпитализации. После прохождения обследования,

врач оформляет направление. Вы можете выбрать медицинскую организацию вместе с вашим врачом. Затем заполняется заявка на госпитализацию и ваши данные регистрируются на портале «Бюро госпитализации». В большинстве случаев дата госпитализации определяется автоматически.

**Когда вам могут отказать в госпитализации?**

До госпитализации пациент не прошел все необходимые обследования в поликлинике - в этом случае пациенту необходимо пройти исследования дополнительно. В стационаре пациента могут ожидать в течении суток, если заранее предупредить о возможной задержке, иначе заявка пациента аннулируется.

У пациента имеются противопоказания к плановой госпитализации. Например, ОРВИ, грипп и т.д.

У пациента отсутствуют показания к оказанию стационарной помощи. Если вы не согласны с решением отказа при отсутствии показаний к стационарному лечению вы можете обратиться в Фонд социального медицинского страхования.

**Ж.Ракишева,**

**главный эксперт отдела по информированию населения и рассмотрению обращений филиала по Карагандинской области НАО «Фонд социального медицинского страхования»**

**Собственник: ИП Струментов А.В.**

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz\_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сагпаева 15, Заказ № 21/613. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**

**Технический редактор: Струментов А.В.**

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041